

ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: КІРІСПЕ

Әдебиет туралы ғылымның даму тарихы
(XX–XXI ғғ.)





Мақсаты: Әдебиеттану ғылымындағы белгілі ғылыми мектептер мен теориялық тұжырым-дарға шолу жасау, XX ғасырда пайда болған әдеби теориялық идеялардың даму жолына көз жүгірту, қазіргі әдебиеттану ғылымында үстемдік етіп отырған теориялық талдау әдістерінің басты принциптерімен таныстыру.

Кілт сөздер: әдебиет теориясы, формализм, структурализм, постмодернизм.

Біз бұдан бұрынғы дәрісімізде әдебиет туралы ғылымның бастаулары туралы, ежелгі дәуірден XIX ғасырға дейінгі бізге белгілі кейбір әдеби-эстетикалық ой-пікірлер туралы сөз қозғаған болатынбыз. Бүгін біз XX–XXI ғасырдағы әдебиеттану ғылымындағы басты арналар мен ағым-процестер туралы қаузамақпыз. Салыстырмалы түрде алып қарағанда, аталған екі ғасырда өрбіген әдебиет туралы ғылымның тарихы алдыңғы кезең тарихынан әлдеқайда күрделі болып саналады. Өйткені тап осы кезеңде әртүрлі философиялық және эстетикалық ағымдар мен әдістер туып, сөз өнерінде алуан түрлі бағыттар пайда болды.

Алдымен қазақ әдебиеттануы туралы бірер сөз келтіре кетейік. Орта ғасырлардағы ойшылдардың еңбектерін есепке алмағанда, XX ғасырға дейін әдеби теориялық тұжырымдар Шоқан Уәлихановтың жазбаларында, Абай Құнанбайұлының кейбір өлеңдерінде көрінгенімен, арнайы теориялық еңбектің жазылғаны 1926 жылда ғана. Осы жылы Алаш арысы Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» деп аталатын сөз өнерінің табиғатын ашып, қасиетін танытатын теориялық кітабы жарық көрді. Ол әдебиеттің адам санасының үш негізіне – ақылға, қиялға және көңілге тірелетінін айтады. Ғалымның аталмыш кітабы бүгінгі күнде де өз маңызын жойған жоқ. Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымындағы тұрақтап қалған көптеген терминдердің жасаушысы да Ахмет Байтұрсынұлы болып табылады. XX ғасырдың 20–30-шы жылдары әдебиет туралы ғылымның дамуына тамызық болған көптеген ғылыми мақалалар, еңбектер жазылғаны жасырын емес. Әсіресе Мағжан Жұмабаевтың «Алқасы» әдеби дамудың бағытын анықтау мәселесінде ерекше маңызды болды. Сондай-ақ, әдеби сынның қарыштап дамуы да осы кезеңге тұспа-тұс келеді. Дегенмен саяси-тарихи факторлар себебінен кейіннен әдебиет туралы ғылым да таза идеологиялық сипат алғаны белгілі. Советтік жүйе орнаған барлық елде социалистік реализм ұғымы үстемдік етіп, әсіресе, өнер мен ғылым салаларында айрықша көрінді. Көркем шығарманың құндылығы оның социализмге негізделген қоғамның шындығын ашып беру деңгейімен өлшенді. Өз кезегінде ол таптық көзқарастардың көрінуіне, бай мен кедейдің бітіспес қайшылығына және совет адамының идеалданып, орыс ұлтының басқа ұлт өкілдерінің алдындағы «ағалық» орнына басымдық берілді. Әдебиеттанудағы аталмыш талдау әдісі көркем өнердің өзіне тән эстетикалық қасиетін ашып беруге қауқарсыз болды. Өйткені әдебиет саясаттың қол шоқпарына айналып, оның идеологиялық сипаты басым түсіп жатты. Ал ондай талдаулар ғылыми теориялық талдаудан гөрі таптық, саяси талдауға жуық боп шығатын.

Ресейде сыншылар мен жазушылардан құралған бір шоғыр XX ғасырдың басында әдебиет туралы ғылымның сахнасына шықты. Виктор Шкловский, Роман Якобсон және Юрий Тиньянов секілді жастар символизм мен идеализмнің идеяларынан бас тартты. Шкловскийдің пікірінше, поэзияның ең басты міндеті біздің әдепкі, таныс тұрмысымызды қамтуы керек. Ресейлік теоретиктердің секуляризмі оларға әдебиетті біршама ғылыми тұрғыда зерделеуге жол ашты. Олар әдеби форманың нақты түрлерін зерттеді, сонымен бірге жазушылардың шығармашылық тәсілдерін баяндаудың әртүрлі әдіс-тәсілдері ретінде қарастырды.

Символистер әдебиеттегі форма оның мазмұнын немесе идеясын анықтайды десе, ресейлік теоретик-формалистер форманы мазмұннан бөлек, жеке дара дербес өмір сүреді деген тұжырымды алға тартты. Жазушылар әдеби мазмұннан дербес түрде жазу әдістерін ойлап тапты. Сондықтан, әдеби туындыны тек формалық тұрғыдан жазып шығу басты планға шықты. Ресейлік сыншылар баяндау жүйесін де, поэтикалық әдебиетті де қатар зерделеді. Поэзияда олар конструктивті құрал ретінде эйфонияларға баса мән берді. Сондай-ақ ұқсас сөздер мен сөз тіркестерінің және өзара үйлесімді өлең тармақтарының қалайша бірігіп, поэзиялық туындыға айналу үдерісін де қоса қарастырды.

Шығармадағы баяндау жүйесінің қалай жасалғанына ерекше екіпін түскеннен кейін басты назар кейіпкердің психологиясы мен оның моральдық құндылықтарына емес, кейіпкердің



көзқарасы, эллипсис, жалғастылық, әңгіме ішіндегі әңгіме, сатылай баяндау, үзінді, жанама баяндау т.б. секілді дүниелерге ауысты.

Мұндай көзқарасты кейінгі орыстың қос ғалымы – Владимир Пропп пен Михаил Бахтин жалғастырды. Пропп өзінің «Халық ертегілерінің морфологиясы» деп аталатын кітабында (1927) баяндаудың өзіндік жүйесінің бар екенін анықтады. Ол жүздеген ертегіні зерттей келе, көптеген ертегілердің сюжеттері біркелкі немесе өзара ұқсас жолдармен дамтынына көз жеткізді. Мысалы, батыр үйіне оралған кезде немесе қандай да бір қарсылыққа тап болғанда көптеген ертегілер бірдей баяндау жүйесіне ие болады екен. Сонымен бірге, халық ертегілерінің бәрі дерлік бас кейіпкердің, яғни батырдың бақытты болуымен немесе өзінің ғашық жарымен қауышуымен аяқталады.

Ал Бахтин көбіне-көп романның қалайша әртүрлі тілдік бірліктер мен дискурстарды қамтитынына мән берді. Діни дискурста белгілі бір терминдер мен құлшылық, уағыз, насихат сынды әртүрлі ұғымдар қолданылады. Ал құқықтық дискурста кешіру немесе жазалау деген секілді өзіне тән терминдер қолданылады. Диккенс пен Толстойдың реалистік туындылары бір-бірінен дискурстар арқылы ерекшеленеді. Өлеңдерде тек бір ғана лирикалық қаһарманның үні естіліп, монологтық сипаты басым келсе, романдарда көптеген кейіпкерлердің өз үні бар және олар негізінен диалогтық сипатта өрбиді. Дискурстар мен ішкі үндердің көптігінен романдар гетероглассиялық сипатқа ие болып саналады. Сонымен қатар жазушылар белгілі бір стильге сала отырып өзге де дискурстарды қоса алады.

Әдеби тілдің қызметіне деген ізденістер XX ғасырдың басында лингвистиканың дербес ғылым ретінде қалыптасуына сеп болды. Фердинанд де Соссюр еңбектерінің айрықша ықпалы әсіресе Мәскеу лингвистикалық мектебінің екі өкілі – Роман Якобсон мен Николай Трубецкийге әсер етті. Соссюр тілдің әрбір бөлшегі басқа бір бөлшегімен өзара қатынасқа түскенде ғана белгілі бір мәнге ие болады деп санады. Якобсон тілдің әрбір ерекше қасиеті дауысты-дауыссыз, вокалдық-вокалсыздық деген секілді бинарлық оппозициялар арқылы қалыптасады деп есептеді. Сонымен бірге әдебиеттің теоретиктері үшін зерттеу нысанына айналған тағы бір лингвистикалық идея – құндылық. Алғашқы тіл білімі сөзге атаулық мән беруші бірлік ретінде қараса, Соссюр сөз әрбір бөлшегі белгілі бір қызмет атқаратын тілдік жүйеде өзіндік құндылыққа ие болатынын айтты.

XX ғасырдағы әдебиеттану ғылымының басты арналарының бірі болып саналатын структурализмнің бастаулары осылайша орыс формалистерінің еңбектері мен тіл білімінің классигі Фердинанд де Соссюрдің ғылыми тұжырымдары болып табылады. Структуралистердің ең басты назар аударған дүниесі – көркем мәтіннің баяндалу жүйесі, оның ішкі құрылымдарының өзара үйлесім табуы мәселесі. Структурализмнің өкілдері көркем шығарманың бірліктеріне баса назар аударады деп айттық. Олар поэзиялық туындыларды талдау нысанына алған кезде өлең сөздің ішкі және тысқы үйлесіміне, ырғақ жүйесіне мән берсе, прозалық туындыларды талдаған кезде уақыт пен кеңістікке, фабуласы мен сюжеттік желісіне ерекше ден қойды.

Роман Якобсон 1920 жылдары Ресейден кетіп, Прагаға, одан Парижге қоныс аударды. Ол антропологияның құрылымдық нұсқасын жасаған француз мәдениеттанушысы Леви Стросстың структуралық лингвистикаға қатысты идеяларымен танысты. Леви Стросстың лингвистикалық моделін мифтер мен Эдиптің шығармаларын зерттеу үшін қолдануы ғылыми қауымның назарын бірден аударды. Соссюрдің «Жалпы лингвистика курсы» (1916) 1950 жылдары Францияда өте кең таралып, ол әдебиеттану ғылымында өзінің семиологиялық зерттеулерімен белгілі Ролан Бартқа ерекше ықпал етті. Кейіннен жеке сала ретінде дамыған семиотиканы да осы структурализмнің бір тармағына балауға болады. Семиология әдебиетті тіл секілді таңбалар жүйесі деп таниды. Семиотика – белгі деген сөз, яғни тілдік белгілер мен олардың қолданылу ерекшелігін қарастыратын теория. Алғашқылардың бірі болып «белгінің» үш негізгі сипатын американдық философ Чарлз Пирс айқандады.

1. Белгінің белгіге қатыстылығы.
2. Белгінің нені білдіретініне қатыстылығы.
3. Белгі мен оны қолданатындардың арақатыстылығы.



Осыған орай семиотика өз ішінен үш пәнге бөлініп кетті. Олар – синтактика, семантика және прагматика.

Семиотикадағы ең маңызды категория – мағына. Тодоров, Греймас, Генетт сынды басқа да құрылымдық әдебиеттанудың өкілдері баяндау жүйесін зерттеп, «фокализация», «жиілік», «актанттар», «жалғастық» сынды ұғымдар туралы пікір білдірді.

Лингвистиктердің идеялары француз психоаналитиктеріне де әсер етпей қоймады. Зигмунд Фрейдтің саналылық пен бейсаналылық ұғымдарының айырмашылықтарын қайта сарапқа салған Жак Лаканның еңбектерінен де осыны байқауға болады.

Ағылшын тілді елдерде I Дүниежүзілік соғыстан кейін әдеби мәтіндерді оның тарихи немесе биографиялық сипатынан тыс зерттеуге ден қойылды. Ричардс көркем шығармадағы әдеби әдіс-тәсілдерді егжей-тегжейлі танып білуге жөн сілтейтін «жіті оқу» деген әдісті ойлап тапты. Оның «Әдеби критицизмнің ұстанымдары» деп аталатын кітабынан кейін әдеби формаға ерекше көңіл бөлетін америкалық жаңа сын пайда болды.

XX ғасырдың екінші жартысында герменевтикалық зерттеулер айрықша көзге түсті. Ол тіпті қазіргі әдебиеттануда да салмақты сала ретінде мойындалып отыр. Бұдан бұрынғы дәрісімізде айтқанымыздай, герменевтика бастапқыда діни мәтіндерді талдап таразылауға тікелей қатысты ұғым ретінде пайда болғанмен, кейінгі кездерде гуманитарлық ғылымдардың бәріне де ортақ сала ретінде таралып кетті. Герменевтика мәтіннің табиғатын терең ашып, оның әрбір бөлшегінің сыры мен сипатына үңілуді көздейді. Вильгельм Дильтей, Георг Гадамер сынды ғалымдар герменевтиканың ғылым ретінде қалыптасуына көп еңбек сіңірді. Әдеби мәтінді талдайтын тұста аталмыш әдіс кез келген өнер туындысын жеке дара алып қарастыруды көздемейді. Қайта ол өзі өмір сүріп отырған мәдениеттің бір бөлшегі болып табылатындықтан, кез келген әдеби-мәдени туындыны тұтас күйінде зерделеуді жақтайды. Ал мәтіннің табиғатын ашуда тек қана әдебиет теориясының жетістіктерін ғана емес, сонымен бірге, басқа да ғылым салаларының жетістіктерін, тіпті математикалық, статистикалық жүйелердің де мүмкіндіктерін пайдалануға әзір. Әдебиет туралы ғылымдағы герменевтиканың ең ірі өкілі ретінде АҚШ-тың Виргини университетінің профессоры Эрик Дональд Хирш аталады. Оның өткен ғасырдың екінші жартысында жарық көрген кітаптары әдебиеттанудағы герменевтиканың мән-маңызын тереңінен ашып, жан-жақты таразылап берген кітаптар ретінде ғылыми қауым арасында мойындалады.

II дүниежүзілік соғыстан кейін әлемде көптеген толқулар болды. Кейбір отар елдер өздерін бодандықта ұстап келген зұлым мемлекеттерге ашық қарсы шықса, кейбір елдерде әйелдер ерлердің үстемдігіне наразы болды. Ал жастар консервативті саяси басқару жүйелеріне қарсы шықты. Сонымен бірге, нәсілдік кемсітушілікке қарсы шыққан белсенділер де аз болған жоқ. Мұның бәрі қоғамдық-саяси, тарихи өзгерістердің шежіресі болатын. Сол сияқты, әдебиет пен өнерде де, ғылым мен мәдениетте де осы секілді үлкен төңкерістердің орын алғаны ақиқат. Өйткені қоғамдық саяси факторлардың руханият әлеміне жасайтын ықпалы орасан. Өнер атаулы сыншыл әрі мысқылшыл бола түсті. Ал әдебиет шындықты сынға алып, постмодернистік сипат алды. Жалпы, әдебиет пен өнерде XX ғасырдың екінші жартысында өте күрделі әрі шиеленіскен идеялық бағыттар саны көбейді. Әлемдегі отаршылыққа қарсы күрестер мен постколониалдық мәдениеттің пайда болуы әдебиеттанушыларға әдеби мәтіндерді империялық билік жағдайында ашып, таратып түсіндіру қажеттілігін туғызды. Мысалы, Эдуард Саид империалистік елдердің шығыс әлеміне деген ішкі пиғылын өзінің «Ориентализм» еңбегінде ашып берді. Саидтың аталмыш кітабы тек әдебиеттану ғылымында ғана емес, тұтас гуманитарлық ғылымдарда үлкен дау туғызып, қызу пікірталастарға жол ашты. Сол сияқты, Хоби Баба, Гаятри Чакраборти, Пол Гилрой сынды ғалымдар билеуші елдердің үстемдігін, аз ұлттардың мәдени даралығы мен қара нәсілді адамдардың психологиясы мен құндылықтарын теориялық тұрғыда сарапқа салды.

Соңғы ширек ғасырда әдебиет туралы ғылым постструктуралистік, постмодернистік бағытта дамыды. Постструктурализм өткен ғасырдың 70–80-ші жылдарында француз ғалымдары арасында пайда болғанмен, кейіннен батыс әлемінің руханиятына тез тарады. Оның басты идеялары Ж. Делез, Ж. Лиотар, Ж. Деррида, М. Фуко, Ю. Кристева сынды ғалымдардың еңбектерінде баяндалады. Структурализмге қарсы шығып, құрылымдағы «құрылымдық емес»



элементтердің табиғатын ашуға ұмтылған постструктурализм өкілдері мәтіннен тыс жатқан дүниелерді түсінуге ұмтылды.

Ал постмодернистік талдау жүйесін жақтайтындар үшін басты құндылық – цитата. Постмодернист ғалымдар бүгінде біз бәріміз сөз атаулының айтылып қойылған дәуірінде өмір сүріп жатырмыз деп есептейді. Сондықтан көркем шығармалардағы әрбір сөз бен сөз тіркесі цитата болып саналады. Олар сондай-ақ көркем мәтіндегі әдеби ойындардың, ирония мен интермәтіндік сипаттарды да арнайы талдау нысанына алады.

Бүгінде әдебиеттану ғылымын өзінің бұған дейінгі қалыптастырған таза әдеби теориялық мүмкіндіктерімен шектелмей, басқа да ғылым салаларының жетістіктерін пайдалана отырып мәтіннің ішкі және тысқы әлемін танып білуге талпынып отыр. Бұл өз кезегінде әдебиеттанудың тек өз жолымен ғана жүріп қоймай, басқа да ғылым салаларымен өзара тығыз қарым-қатынас жасай отырып даму қажеттілігін мойындатуда.

Тақырыпты пысықтау үшін қойылатын сұрақтар

1. Қазақ әдебиеттану ғылымындағы алғашқы теориялық еңбек қалай аталады және оның авторы кім?
2. Формалистер көркем шығарма құрылымындағы қандай элементтерге баса назар аударды?
3. Семиотика өз ішінен қандай салаларға бөлінеді?

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

1. Есембеков Т.О. Көркем мәтін теориясы: оқу құралы / Т.О. Есембеков. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 186 б.
2. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы: Екі томдық. Т.2. Тәуелсіздік кезеңі / Жалпы ред. басқ.: А.С. Ісімақова; ҚР БҒМ ҒК, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер ин-ты. – Алматы: Қазақпарат, 2009. – 658 б.